

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**2019-2020 оқу жылындағы Академиялық комитеті отырысының**  
**ҚАУЛЫЛАРЫ № 6**

Түркістан қаласы

24 қаңтар 2020 жыл

Өткізілетін орын: Мәдениет сарайы, кіші конференция залы.

Өткізілетін уақыты: 2020 жылдың 24 қаңтары, сағат 15:00

Комитет мүшелері – 43

Қатысқандар: 37, келмегендер: 6

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, ОЖСБ нәтижелерін талдау (Жауапты: Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры -ның орынбасары А.Бостанова)
2. Факультеттердегі оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша жарты жылдық есеп беру (Факультет декандары);
3. 2020-2021 оқу жылына қабылданатын білімгерлердің білім беру бағдарлама - ларын оңтайландыру және дамыту жұмыстары туралы. (Білім беру бағдарла малары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары Шайхидинұлы);
4. 2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы туралы (Инженерия және Өнер факультеттері бойынша) (Инженерия және Өнер факультетінің декандары).
5. Әртүрлі мәселелер:
  - 5.1. Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесін бекіту туралы (Жауапты: Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы – Жолшибекова М.Р.).
  - 5.2. 2018-2021, 2019-2022 оқу жылдарына қабылданған докторантура білім беру бағдарламаларының негізгі оқу жоспарларына (НОЖ) және білім беру бағдарламаларына (БББ) өзгерістер енгізу туралы (Жауапты: Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы – Жолшибекова М.Р.);
  - 5.3. 2019-2021 оқу жылдарына қабылданған магистратура білім беру бағдарламаларының негізгі оқу жоспарларына (НОЖ) және білім беру бағдарламаларына (БББ) өзгерістер енгізу туралы (Жауапты: Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы – Жолшибекова М.Р.);
  - 5.4. 2020-2021 жаңа оқу жылына қабылданатын магистратура және докторантура бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын бекіту



(Жауапты: Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы – Жолшибекова М.Р.).

5.5. 25. 12. 2019 жыл бекітілген Мамандар дайындау сапасын жақсарту және түлектерді жұмыспен қамту іс-шаралары «Жол картасының» есебі (Академиялық комитет отырысында ай сайын «Атамекен» ҰКП-ның білім беру бағдарламалары рейтингісін анықтауға берілген критерийлері бойынша үлгідегі 10 қосымшаларға сәйкес есеп беру (кесте-үлгі негізінде 12 айға бөлінген) (Жауапты: Факультет декандары).

5.6. Университет ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту туралы (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинұлы Ж.);

5.7. Сабақ және емтихан кестелерін дайындау туралы жұмыс нұсқауын талқылау және бекіту (Оқу ісін ұйымдастыру орталығының басшысы – Г.Жумжаева).

5.8. 05.12.2005ж. (ЖН-СМЖ-024-2005) күні бекітілген Оқу процесінің графигінің орындалуын бақылау туралы жұмыс нұсқауының атауын және жаңадан енген нормативтік-құқықтық актілердің өзгеруіне байланысты қайта жаңарту, «Академиялық күнтізбенің орындалуын бақылау» деп өзгерту және талқылау (Оқу ісін ұйымдастыру орталығының басшысы – Г.Жумжаева).

5.9. Білім беру мекемелерінде (балабақша, мектеп, колледж) университет студенттеріне педагогикалық және өндірістік-педагогикалық практика жетекшілігіне бекітілген мұғалімдерге төленетін еңбекақы мөлшерін бекіту туралы (Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, Академиялық комитет кеңес төрағасы Т.Ж.Ниязов).

### **Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша**

#### **Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Университет, факультет, пән бойынша жасалынған оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктері, ОЖСБ нәтижелері туралы мәлімет назарға назарға алынсын.

2. ОЖСБ-2020 бойынша «АКТ», «Қазіргі заман тарихы», «Философия», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша төмен көрсекіш көрсеткен пән оқытушыларының алдағы ОЖСБ-ға дайындық жұмыстары мен қалдық білімнің өсу динамикасын көрсету шаралары жасалынсын (Жауапты: факультет).

### **Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша**

#### **Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1. Факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша жарты жылдық есебі назарға алынсын.



**2.2.** Факультеттердің жарты жылдық есеп мазмұнына бір үлгіде қайта толықтырулар, свот анализ жасалынып, оқу-әдістемелік бөлімге өткізілсін (Жауапты: факультет декандары, Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары Ж.Шайхидинұлы)

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша:**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**3.** 2020-2021 оқу жылына қабылданатын білімгерлердің білім беру бағдарламаларын оңтайландыру және дамыту мақсатында Жоғарғы оқу орны компоненті-ЖК тағайындалған пәндерін бағдарламаларға (факультеттер бойынша төмендегі ұсынылған кестеге сәйкес) енгіздіру жұмыстары жүргізілсін (Жауапты факультет декандары).

№	Факультеті	Семестр	Бағдарлама саны	Студент саны
1.	Жаратылыстану	I	16	345
2.	Гуманитарлық ғылымдар	I	9	221
3.	Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі	I	6	125
4.	Инженерия	I	9	102
	Барлық студент саны:			793
1.	Әлеуметтік ғылымдар	II	7	232
2.	Филология	II	13	355
3.	Өнер	II	12	273
	Барлық студент саны:			860
1.	Медицина	I, II	3	295
2.	Стоматология	I, II	1	158
			76	453

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**4.1.** Инженерия және Спорт және өнер факультетінің Стратегиялық жоспар аясында оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы туралы мәлімет назарға алынсын.

**4.2.** Стратегиялық жоспарда орындалмаған индикаторлар бойынша толықтыру, жақсарту, кемшіліктерді жою іс-шаралар жоспары түзіліп, свот анализ жасалынсын. (Жауапты: Факультет декандары)

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің 5.1., 5.2., 5.3., 5.4. сұрақтары бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**5.1.** Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесі 2020 ж. қаңтар айына



жоспарланатын Сенат мәжілісі отырысының күн тәртібінде қарауына ұсынылсын;

**5.2.** 2018-2021, 2019-2022 оқу жылдарына докторантура бағдарламасы бойынша қабылданған 1,2-курс докторанттарының негізгі оқу жоспарларына (НОЖ) және білім беру бағдарламаларына (БББ) өзгерістер енгізілсін және ҚР БҒМ реестрде жаңартылсын

**5.3.1.** 2019-2021 оқу жылдарына магистратура бағдарламасы бойынша қабылданған 1-курс магистранттарының негізгі оқу жоспарларына (НОЖ) және білім беру бағдарламаларына (БББ) өзгерістер енгізілсін;

**5.3.2.** 2019-2020 оқу жылының жазғы сессиясында электив пәндерден өткізілетін («Неврология, соның ішінде балалар»; «Психиатрия соның ішінде балалар»; «Наркология» және «Хирургиялық аурулар», «Отоларингология», «Офтальмология» модульдарының) емтихан қабылдау түрлері бекітілген негізгі оқу жоспарына сәйкес жеке-жеке ұйымдастырылсын.

**5.4.** 2020-2021 жаңа оқу жылына қабылданатын магистратура және докторантура, резидентура бағыттары бойынша және сонымен қатар жаңа және инновациялық бағыттағы білім беру бағдарламалары (БББ) бекітілсін және ҚР БҒМ реестріне тіркелсін (Жауапты: *Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы – Жолшибекова М.Р.*).

#### **Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бесінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**5.5.** 25. 12. 2019 жыл бекітілген Мамандар дайындау сапасын жақсарту және түлектерді жұмыспен қамту іс-шаралары «Жол картасы» бойынша Академиялық комитет отырысында ай сайын «Атамекен» ҰКП-ның білім беру бағдарламалары рейтингісін анықтауға берілген критерийлерге сай 10 қосымшаларға сәйкес есеп беріл отырылсын. (Жауапты: Факультет декандары).

#### **Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің алтыншы сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**5.6.1.** Төмендегі ұсынылған Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну үшін (өз есебінен шығаруға) бекітілсін.

**Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультеті бойынша:**

5.6.1. Акушерлік-гинекология кафедрасынан авторлар Р.Я. Утепова, М.А. Байбосын дайындаған «Акушерлік және гинекология пәнінен бағалау әдістері бойынша чек-парақтарының жинағы» оқу құралы;

5.6.2. Акушерлік-гинекология кафедрасынан авторлар Э.Н. Алиева, М.А. Жапар, И.С. Саркулова «Бедеулік диагностикасы және заманауи емдеу әдістері» оқу әдістемелік құралы;



5.6.3. Акушерлік-гинекология кафедрасынан авторлар Л.М.Бегимбекова, С.Н.Кулбаева дайындаған «Репродуктивное здоровье. Бесплодный брак» оқу-әдістемелік кұралы;

5.6.4. Неврология, психиатрия, наркология кафедрасынан авторлар Э.О.Аманова, Г.Б.Абасова, А.М. Булешова дайындаған «Основы организации медико-профилактической помощи больным, имеющим нейропатические боли» оқу кұралы;

5.6.5. Акушерлік-гинекология кафедрасынан авторлар А.Т.Туганбаева, Ж.М.Кулжабаева, Г.А.Мұздыбаева дайындаған «Practical skills used in obstetrics and gynecology» оқу-әдістемелік кұрал;

5.6.6. Хирургиялық анестезиология және реанимация кафедрасынан автор Ғ.М.Елікбаев дайындаған «Балалардың нейрохирургиялық аурулары» оқу кұралы;

5.6.7. Хирургиялық анестезиология және реанимация кафедрасынан автор Ғ.М.Елікбаев дайындаған «Балалар хирургиясынан таңдамалы дәрістері жинағы» оқулығы;

**Жаратылыстану факультеті бойынша:**

5.6.8. Экология және химия кафедрасынан авторлар Г.Н.Жылысбаева, Р.Н.Нұрділлаева, А.Н.Жылысбаева дайындаған «Химия есептері» оқу кұралы;

5.6.9. Физика кафедрасынан авторлар М.О.Беркинбаев, Ә.Х.Сарыбаева дайындаған «Атом физикасы курсынан есептер мен тапсырмалар» оқу-әдістемелік кұралы;

5.6.10. Экология және химия кафедрасынан автор А.Т.Мейірбековтің «Табағи ресурстарды тиімді пайдалану» оқу кұралы;

5.6.11. Математика кафедрасынан авторлар Оразов И., Алиханова Б., Шарипбай А. дайындаған «Математические основы информатики» оқу кұралы;

5.6.12. Биология кафедрасынан авторлар Р.А.Дайрабаев, М.Т.Ерденов, Ғ.И.Исаев «Қорғалған топырақтың зиянкестері мен аурулары» оқу кұралы;

5.6.13. Биология кафедрасынан авторлар Р.А.Дайрабаев, М.Т.Ерденов, Ғ.И.Исаев «Жеміс-жидек дақылдарын өндірудің интенсивті технологиясы» оқу кұралы;

5.6.14. Биология кафедрасынан авторлар М.Т.Ерденов, Ғ.И.Исаев, А.Е.Сержанова «Агрометеорология» оқу-әдістемелік кұралы;

5.6.15. Биология кафедрасынан авторлар Б.З.Умиров, Ғ.И.Исаев «Жалпы және ауылшаруашылық фитопатологиясы» оқу-әдістемелік кұралы;

5.6.16. Биология кафедрасынан авторлар Б.З.Умиров, Ғ.И.Исаев «Жалпы және ауылшаруашылық фитопатологиясы» оқу-әдістемелік кұралы;

5.6.17. Биология кафедрасынан авторлар Д.И.Ибрагимова, Ғ.И.Исаев «Бақша және көкөніс дақылдарын өндірудің технологиясы» оқу-әдістемелік кұралы;

5.6.18. Н.Н.Салыбекова, Ғ.И.Исаев «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және өңдеу технологиясы» оқу-әдістемелік кұралы;



5.6.19. Биология кафедрасынан авторлар Б.З.Умиров, Ғ.И.Исаев Жеміс-жидек дақылдарын өндірудің интенсивті технологиясы

5.6.20. Биология кафедрасынан авторлар М.Т.Ерденев, Б.З.Умиров «Ауылшаруашылық микробиологиясы» оқу-әдістемелік құралы;

5.6.21. Биология кафедрасынан авторлар Ғ.А.Бабаева, Ғ.И.Исаев, А.Е.Сержанова «Өсімдіктер интродукциясы» оқу-әдістемелік құралы;

**Филология факультеті бойынша:**

5.6.22. Ағылшын филология кафедрасынан авторлар Нышанова С., Қазыханқызы Л. дайындаған «Pedagogical Research in English Language Classroom» оқу құралы;

5.6.23. Әлем тілдері кафедрасынан автор С.Ж.Чаканованың дайындаған «Стилистика русского языка» оқу-әдістемелік құралы;

**Спорт және өнер факультеті бойынша:**

5.6.24. Дене тәрбиесі кафедрасынан автор Б.А.Ахмедовтың «Саламатты өмір – саналы қоғам» оқу құралы;

**Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі бойынша:**

5.6.25. Қаржы және бухгалтерлік есеп бағдарламасынан авторлар Азретбергенова Г. Сыздықова А. дайындаған «Finansa giris» оқу құралы;

**Инженерия факультеті бойынша:**

5.6.16. Компьютерлік инженерия кафедрасынан авторлар Қойшиева Т.Қ., Кабулова М.Т. дайындаған «Ақпараттық жүйелерді жобалау» оқу құралы.

**5.6.2.** Университет оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби пәндер бойынша әзірлеген оқу-әдістемелік нұсқаулықтары бекітілсін.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің жетінші сұрағы бойынша**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**5.7.** Сабақ және емтихан кестелерін дайындау туралы жұмыс нұсқауы бекітілсін (Оқу ісін ұйымдастыру орталығының басшысы – Г.Жумжаева).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің сегізінші сұрағы бойынша**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**5.8.** 05.12.2005ж. (ЖН-СМЖ-024-2005) күні бекітілген Оқу процесінің графигінің орындалуын бақылау туралы жұмыс нұсқауының атауын және жаңадан енген нормативтік-құқықтық актілердің өзгеруіне байланысты қайта жаңартылып, «Академиялық күнтізбенің орындалуын бақылау» деп өзгертілсін (Оқу ісін ұйымдастыру орталығының басшысы – Г.Жумжаева).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің тоғызыншы сұрағы бойынша**


**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**5.9.** Білім беру мекемелерінде (балабақша, мектеп, колледж) университет студенттеріне педагогикалық және өндірістік-педагогикалық

практика жетекшілігіне бекітілген мұғалімдерге төленетін еңбекақы мөлшерін бекіту туралы ұсыныс 2020 ж. қаңтар айына жоспарланатын Сенат мәжілісі отырысының күн тәртібінде қарауына ұсынылсын.

*Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.*

Хатшы



Ж.И.Исаева

